

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс Министрлігінің Кеден комитеті мен Иран Ислам Республикасы Кеден басқармасының арасындағы Контрабандамен және кедендік құқық бұзушылықтармен күрестегі ынтымақтастық туралы меморандумды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 5 шілде N 929

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1999 жылғы 11 сәуірде Тегеран қаласында жасалған, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті мен Иран Ислам Республикасы Кеден басқармасының арасындағы Контрабандамен және кедендік құқық бұзушылықтармен күрестегі ынтымақтастық туралы меморандум бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті
мен Иран Ислам Республикасының Кеден басқармасы арасындағы
контрабандаға және кедендік құқық бұзушылыққа қарсы күрес жүргізудегі
ынтымақтастық туралы
Меморандум

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті мен Иран Ислам Республикасының Кеден басқармасы, есірткі құралдары мен жүйкеге әсер ететін заттардың заңсыз айналымының, адамның денсаулығына зиянды дәрі-дәрмек препараттарының және мәдени құндылықтардың екі мемлекет азаматтарының өміріне, денсаулығына және әл-ауқатына едәуір қауіп төндіретін контрабандасы ауқымының ұлғайып келе

жатқанын назарға ала отырып,

нашақорлыққа және есірткі құралдары мен жүйкеге әсер ететін заттардың заңсыз айналымына, адамның денсаулығына зиянды дәрі-дәрмек препараттарының және мәдени құндылықтардың контрабандасына қарсы әрекет ету жөніндегі тиімді шаралар халықаралық ынтымақтастықты нығайтуды талап ететіндігін ұғына отырып,

есірткі құралдары мен жүйкеге әсер ететін заттардың заңсыз айналымын анықтау және жолын кесу; адамның денсаулығына зиянды дәрі-дәрмек препараттарының және мәдени құндылықтардың контрабандасына қарсы күрес жүргізу жөніндегі, сондай-ақ осындай айналымға қатысатын тұлғаларды анықтау жөніндегі кеден органдарының рөлін ескере отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Меморандумда пайдаланылатын терминдер мыналарды білдіреді:

а) "есірткі құралдары" - кейінгі өзгерістерімен және толықтыруларымен 1961 жылғы Есірткі құралдары туралы бірыңғай конвенцияның тізімдеріне БҰҰ енгізген заттар;

б) "жүйкеге әсер ететін заттар" - кейінгі өзгерістерімен және толықтыруларымен 1971 жылғы Жүйкеге әсер ететін заттар туралы конвенцияның тізімдеріне БҰҰ енгізген заттар;

с) "прекурсорлар" - олардан немесе олардың көмегімен есірткі құралдарын немесе жүйкеге әсер ететін заттарды дайындау мүмкін болатын негізгі немесе бастапқы заттар;

д) "препараттар" - өз құрамында адам денсаулығына зиянды есірткі құралдары, жүйкеге әсер ететін заттар, прекурсорлар бар және Тараптар мемлекеттерінің аумағы арқылы әкелуге немесе транзитіне тыйым салынған дәрі-дәрмек препараттары;

е) "мәдени құндылықтар" - көркем, тарихи археологиялық және этнографиялық мағынасы бар объектілер;

ф) "мәдени құндылықтарды қайтару" - заңсыз орын ауысуына байланысты ұсталған мәдени құндылықтарды әкелінген мемлекеттің немесе транзит мемлекетінің әкетілген мемлекетке іс жүзінде табыс етуі;

г) "бақыланатын жеткізілім әдісі" - есірткі құралдары мен жүйкеге әсер ететін заттардың заңсыз айналымына қатысы бар тұлғаларды анықтау мақсатында Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдарының рұқсатымен және бақылауымен есірткі құралдары мен жүйкеге әсер ететін заттар топтамасын Тараптар мемлекеттерінің аумағына әкелуге, транзитіне немесе әкелілуіне жол берілетін әдіс.

2-бап

Тараптар екі мемлекетте қолданылып жүрген ұлттық заңдарды сақтаған жағдайда, есірткі құралдары мен жүйкеге әсер ететін заттардың заңсыз айналымын анықтау, тергеу және жолын кесу дәрі-дәрмек препараттарының және мәдени құндылықтардың контрабандасына қарсы күрес жүргізу мақсатында осы Меморандумның шеңберінде ынтымақтасады.

3-бап

Тараптар:

- a) есірткі құралдарының, жүйкеге әсер ететін заттардың, препараттардың және мәдени құндылықтардың контрабандасына қарсы күрес жүргізу әдістері туралы ақпаратпен;
- б) техникалық құралдарды пайдалану тәжірибесімен;
- с) есірткі құралдарының, препараттардың және мәдени құндылықтардың контрабандасына қарсы күрес жүргізу әдістерін оқыту мақсатында сарапшылармен;
- d) есірткі құралдары мен жүйкеге әсер ететін заттардың, препараттардың және мәдени құндылықтардың контрабандасына қарсы күрес жүргізу жөніндегі жарияланымдармен, ғылыми, кәсіби, оқу еңбектерімен;
- е) есірткі құралдарының, жүйкеге әсер ететін заттардың және препараттардың жаңа түрлері мен өндіріс орындары, оларды тасымалдау маршруты мен тәсілдері туралы ақпаратпен. Мұндай ақпарат тиісті тұлғаларды, көлік құралдарын, жүктер мен почта жөнелтілімдерін бір ізге түсіруге мүмкіндік беретін нақтылы мәліметтерді қамтитын болады.
- f) мүмкіндігінше әр түрлі мемлекеттер мен аймақтардағы есірткі құралдарына, жүйкеге әсер ететін заттар мен препараттарға бағаның өзгеруі туралы ақпаратпен;
- g) есірткі құралдары мен жүйкеге әсер ететін заттарға, препараттарға және мәдени құндылықтарға кедендік бақылауды ұйымдастыру принциптері туралы, оларды жасыру тәсілдері мен ашу әдістері туралы ақпаратпен;
- h) есірткі құралдарын жүйкеге әсер ететін заттарды, препараттарды біркелкілендіру және лабораториялық сараптау мен синтездеу саласындағы ақпаратпен;
- i) есірткі құралдарының, жүйкеге әсер ететін заттардың, препараттардың және мәдени құндылықтардың контрабандасымен айналысады деп күдік туғызатын немесе белгілі тұлғалар туралы мәліметтермен алмасатын болады.

4-бап

Тараптардың ауызша болсын, сол сияқты жазбаша түрде болсын берген ақпараты құпия болып саналады және тек қана осы Меморандумның ережелерін орындау мақсатында пайдаланылады.

Тараптар осы Меморандумның ережелерінен туындайтын мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарына екінші Тараптың келісімінсіз, егер оларды тарату екінші Тарап мемлекетінің мүддесіне немесе Тараптардың бірлескен іс-қимылы мүддесіне зиян келтіретін болса, бермейді.

5-бап

Тараптар сұрау салу бойынша және өз құзыреті мен техникалық мүмкіндіктері шектерінде:

а) есірткі құралдарымен, жүйкеге әсер ететін заттармен, препараттармен және мәдени құндылықтармен контрабандада күдік тудыратын адамдардың келуі мен кетуіне;

Б) заңсыз айналымда пайдаланылады деп күдік туғызатын жүктерге, көлік құралдарына және почта жөнелтілімдеріне бақылауды жүзеге асырады.

Бақылаудың нәтижелері екінші Тарапқа дереу хабарланады.

6-бап

Егер жәрдем көрсету туралы сұрау салуға өтініш жасау сұрау салынған Тарап мемлекетінің егемендігіне, ұлттық қауіпсіздігіне, жүргізіп отырған саясатына немесе өмірлік мүдделеріне зиян келтіретіндей болса, өтініш қабылданбауы мүмкін.

Сұрау салуды орындау мүмкін болмаған немесе ішінара орындалған жағдайда Тараптар бір-біріне дереу хабарлайды.

7-бап

Тараптар ұлттық заңдарға сәйкес бақыланатын жеткізілім әдісін өзара қолдану мүмкіндігін қарастырады.

Бақыланатын жеткізілім әдісін пайдалану туралы шешімдер әрбір жеке жағдайда Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңдарында көзделген тәртіппен қабылданады.

8-бап

Осы Меморандумның шеңберінде қаржылық шығыстар туралы мәселелер Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы кеден істеріндегі ынтымақтастық пен өзара көмек туралы келісімнің ережелеріне сәйкес немесе Тараптардың қаржылық мүмкіндіктерін негізге ала отырып, жеке хаттамамен реттелетін болады.

9-бап

Тараптар:

а) Тараптар мемлекеттерінің сот және тергеу органдарына

материалдар, сараптамалық қорытындылар мен кедендік бақылау барысында өздері анықтаған басқа да фактілер жөнінде мәліметтер беруге;

б) Тараптар мемлекеттерінің заңдарымен белгіленген тәртіпте мәдени құндылықтарды қайтаруға көмек көрсетеді.

10-бап

Тараптар осы Меморандумның ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде даулар пайда болған жағдайда оларды келіссөздер және консультациялар арқылы шешетін болады.

11-бап

Осы Меморандумға Тараптардың өзара келісімі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. Өзгерістер мен толықтырулар Меморандумның ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделеді.

12-бап

Осы Меморандум Тараптардың бірінің оның күшіне енуі қажетті мемлекетішілік тиісті рәсімдердің орындалғанын растайтын соңғы жазбаша хабарламасы алынған соң отызыншы күні күшіне енеді.

Осы Меморандум белгісіз мерзімге жасалды және Тараптардың

бірі екінші Тарапқа оның қолданысын тоқтататын ниеті туралы қолданысы осындай хабар алынған күннен бастап он екі айдан соң тоқтатылады.

Тегеран қаласында 1378 к.қ.ж. фарвардинге сәйкес келетін 1999 жылғы 11 сәуірде екі данада қазақ, фарси, ағылшын және орыс тілдерінде жасалды және де барлық мәтіннің күші бірдей.

Осы Меморандумның ережелерін түсіндіру барысында пікір алшақтығы

туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінді басшылыққа алады.

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік кіріс министрлігінің
Кеден комитеті үшін

Иран Ислам Республикасының
Кеден басқармасы
үшін

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Орынбекова Д.